

«Күншуақ» бөбекжай - бақшасы» МҚҚҚ

Тақырыбы: “Достық кілті бірліктे”



Тәрбиеші: Исқакова Р.Ж

Утегенова Л.У

2025 жыл

«Достық кілті бірлікте»

Мақсаты: Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейтіп, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азamat болуға тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Балалар! Бүгінгі күн ерекше, өйткені бүгін 1 мамыр — Ынтымақ, Бейбітшілік, Бірлік күні. Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. «Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін.

«Түрі басқа болса да, тілегі бір.»

Жүзі басқа болса да, жүргегі бір» дегендей, Қазақстан атты әлемге танылған ұлы мемлекетте 130 - дан аса ұлттар мен ұлыстар достықта, тыныштықта бір шаңырақ астында өмір сүріп жатыр.

— Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан.

— Балалар біздің ұлттымыз қандай?

— Қазақ.

— Біздің елбасымыз кім?

— Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Әнұран.

Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда басқада ұлттар тұрады: өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Олар бір – бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанның олар өз жерім, өз елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікті өмір сүріп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Елімізде тұрыш жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің салт – дәстүрлерін, ән – жырларын көрсетеді.

Би: «Достық»

Президентіміз, елімізді бірлікке, ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады. Сондықтан біз елімізді «Ынтымағы жарасқан ел» деп айтсақ артық айтқандық емес. Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді.

Еліміз өркейіп, әр шаңырақ шаттық пен қуанышқа толы.

Бейбітшілік құсы, ақ көгершін,

Биік ұшып самғасын.

Тілегімізді жерге жайсын,

Қанаттары талмасын.

Сурет салу: «Ақ көгершін»

Елімізде тыныштық болып, бірлігі жарасқан ел болайық, әр кез ынтымақта, достықта болайық! Қазақстаннымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің берекесін арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігімізге айналып, еліміз бен жеріміз, халқымыз аман болсын. Бұл мереке бізben бірге ғасырларға ұлассын. Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, денсаулығымыз өркендей берсін.

Достық күлті Бірлікте



"Достық күлті бөрлікте"

